

**Ақмола облысы Жақсы ауданының Жаңа Қийма ауылдық округінің Жаңа Қийма ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Жақсы ауданы Жаңа Қийма ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 10 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 7 желтоқсанда № 25592 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы Жаңа Қийма ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы Жаңа Қийма ауылдық округі әкімінің 02.03.2022 № 3 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Жақсы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 218 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақмола облысы Жақсы ауданы Жаңа Қийма ауылдық округінің Жаңа Қийма ауылының аумағында ірі мүйізді қара малдың жұқпалы ринотрахеит ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңакима ауылдық  
округінің әкімі*

*А.Отегенов*